

ТУУЫ

БЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ
ЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

Жұма

Шығуына 34 жыл
жеке саны 20 тыйын

Мал қыстатуды ұйымшылдықпен өткізу, мал басын түгел сақтау—қоғамдық мал ша- руашылығын онан сайын өркендету жолын- дағы маңызды кадам.

кпен

Кәсіпорындарының таңдаулылары — депутаттыққа кандидаттар



Тоқымашылардың кандидатты

кадрлар жоқ.
олардың ара-
молеттер аз.
ін комму-
топтарының
ұйымдары

ал шаруашы-
қ орын теуіп
итеті колхоз
шаруашылық
ету тәж-
ал азығының
ланысты мә-
ғылықты кү-

ғын өркенде-
нан ауыл
аңызды сала-
туды талап
ұмысына іске
іхозшылардың
басқару қыз-
ап- күтілуін,
ыру қолынан

Вера «Трикотажник» кәсіпшілік арте-
ліне 1948 жылдың аяқ кезінде келген
болатын. Орта бойлы, талдырмап қана,
өткір көзді қыз жолдастарына бірден-ақ
ұнап кетті. Жолдастарын тартқан оның
өз ісіне зейінмен қарауы, бір нәрсені
білуге деген құштарлығы еді.

Вера онша көп ұзамай-ақ істі менге-
ріп әкетті. Ол тапсырылған жұмысты
орындауда тіпті тәжірибелі адамдардан да
қалыспайтын болды. Норманы орындау
алғашта 100 процент болса, бұл цифр
уақыт өткен сайын өсе берді: 120 про-
центке, 150 процентке, 180—200 про-
центке жетті, одан да асты.

Комсомолка Вера өндірісте белсенді
жұмыс істеумен бірге, артельдің бастау-
ыш комсомол ұйымының жұмысына да
белсене қатысып, жастар арасында зор
беделге ие болды. Кейіннен оны комсомо-
лецтер өздерінің бастауыш ұйымының
секретары етіп сайлады.

декабрь айының тапсырмасын 215 про-
цент орындады, январь айындағы еңбегі-
нің нәтижесі де бұдан кем емес. Ол өзінің
өнімді еңбек істеуімен басқаларға, артель-
дегі барлық жастарға үлгі болып келеді.
Мен келешекте де біздің сенімізді ақтай-
ды деп есептеп қалалық Советтің депутат-
тығына кандидат етіп Точилинаның есімін
атаймын және бүкіл коллективті менің
ұсынысымды қостауға шақырамын.

—Біз,—деді Спекторенко жолдае, —
Сталиндік Конституцияда берілген право-
ларымызды пайдаланып, қалалық Советке
өз арамыздан өкілімізді ұсынуға жыйнал-
дық. Бізде кім қоғам үшін шын беріле
адал қызмет істесе, ол адамның құрметке,
зор сенімге ие болатыны бәрімізге түсінік-
ті. Мен де Точилинаның кандидатурасын
лайық деп есептеймін және жоғарыда ең-
гізілген осы ұсынысты қуаттаймын.

Сөзінің соңында ол бүкіл коллективсі
В. Д. Точилина жолдастың кандидатура-

МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Қойды көптеп өсіремін

Шопан болу әркімнің қолынан келе-
береді деп ойламаймын. Рас, қойды айдап
жайылымға шығарып бағу былай қара-
ғанда он-оңай жұмыс сыяқты. Қойды
жайылымға шығарып бағу, суару үшін
де тәжірибе, мамандық керек. Шопан жыл-
дың төрт мезгілінде бірдей қойды жақсы
бағып, күйлі өсіре білуге тиіс. Ал бұл
оңай жұмыс емес.

Қой мен ешкі басқа малға қарағанда
ерекше күтім жасауды керек етеді. Жаз
болса, оны жайылыммен, қыс болса, құ-
нарлы шөппен қамтамасыз ету керек.
Бұл шарт орындалмаған күнде қойдың
қонды өсуіне жетісе алмайсың. Қайта
қой күйінің төмендеуіне, оның шығын
болуына өзің себепші боласың.

Жазды күні жайылымды тиімді пайда-
ланбайынша қойды күйлі өсіруге болмай-
ды. Сол сыяқты, қысқы маусымда жем-
шөпті үнеммен жұмсап, әрбір қойды мез-
гілінде азықтандырған жөн. Мен шопан
болып істегеннен бері қойды бағып күту-
дің осындай тиімді әдістерін күбе-күнгі
жұмысымда дұрыс пайдаланып келемін.

Қойлардың түрлі індетке шалдығып,
шығынға ұшырауы —көбінесе күтімнің

жатар орны жайсыз болса, қойдың күйі
төмендеп, жүдейді, ауруға да шалдығады.
Мен қысты күні қойды мезгілінде күтіп,
азықтандырамын. Оның қорасын әрдайым
жылы ұстаймын. Мұнымен бірге, зоотех-
никалық ережелерді мұқият қолданып
отырамын. Осы шараларды жүзеге асы-
рып, бытыр қой өсіруде үздік табыстар-
ға жеттім. Әрбір жүз саулықтан қозыны
өткен жылдардағыдан едәуір көп алдым.

Кәзір қойдың күтімі жақсы. Қойлар
жылы қоралармен, құнарлы жемшөппен
мәл қамтамасыз етілді. Қарамағымдағы
қойларды қыстан шығынсыз алып шыға-
мын. Қойлардың алды қозылай бастады.
Кәзірдің өзінде қарамағымдағы қойлардан
60 қозы алуға жетістім. Алдағы уақытта
да қойдың күтімін жақсартып, төл алу
маусымын үлгілі өткіземін. Сөйтіп, бесін-
ші бесжылдықтың үшінші жылында қо-
ғамдық қой санын еселеп көбейтемін. Бас-
қа мал өсірушілер сыяқты мен де жергі-
лікті Советтердің сайлауы құрметіндегі
социалистік жарысқа қызу ұштасып, сай-
лау болатын күн —1-мартты еңбекте
жаңа зор табыстармен қарсы аламын.

Ж. МУСИН.

Қазақ ССР-ның кейбір облыстарында, Сибирьдің, Смоленск, Владимир, Тамбов облыстарының, Бурят-Монғол АССР-ның бірқатар аудандарында осындай жағдай туып отыр.

Мал қыстатуға қанағаттанғысыз әзірленушілік кейбір жергілікті партия ұйымдарының мал шаруашылығына әлі де екінші дәрежедегі іс деп қарап келе жатқандығын дәлелдейді. Қысқа әзірлену ісін бүгіндей ауылшаруашылық орындарына сеніп тапсырып, партия комитеттері олардың жұмысына күнбе-күн бақылау жасау ісін ұйымдастырмады, бұл орындардың қызметкерлерінің олардың алғына қойылған міндеттерді орындаудағы жауапкершілігін арттыра білмеді. Осының салдарынан мал қыстатуға әзірленудің маңызды мәселелері шешілмей қалды. Мұндай жағдай әсіресе Владимир облысында болып отыр.

Владимир облыстық партия комитеті болған қателіктер мен кемшіліктерді жою, партия ұйымдарының мал шаруашылығына, мал қыстатудың жайына, жауапкершілігін арттыру жөнінде қажетті шаралар қолданып отыр ма? Олай болмай отыр. Мал шаруашылығы мәселелері әлі күнге дейін облыс партия ұйымдарының үнемі қамқорлық жасайтын ісіне айналмай келеді. Мал азығы қорының жеткіліксіз өкендігіне қарамастан облыстың бірсыпыра колхоздарында бір ғана декабрь айының ішінде көптеген мал азығы мөлшерден артық жұмсалған.

Мал қыстатудың табысты болуын адамдар, кадрлар шешеді. Осыған қарамастан Владимир облысының көптеген колхоздары

дарға байланысты. Партия ұйымдарының мамандардың жұмысқа дұрыс пайдаланылуына жетуі өте-өте маңызды іс. Зоотехник пен мал дәрігерінің орны — мал фермасында. Бұлардың тәжірибесі мен білімі, ұйымдастырушылық таланты тікелей осы жерде қолданылуы керек.

Мал шаруашылығын өркендету мәселелері орталық және жергілікті баспасөз бетінде үнемі жазылуға тиіс. Газеттер мал шаруашылығының берік азық қорын жасау, мал азығын дайындау және фермаларда еңбекті көп тілейтін жұмыстарды механикаландыру, мал шаруашылығын өркендетуде колхозшылардың құштарлығын арттыру сияқты маңызды міндеттердің ойдағыдай шешілуі үшін күресуге тиіс. Алайда, газеттердің барлығы бірдей бұл мәселелерді жете біліп, тереңінен жазып отыр деуге болмайды.

Партия мал шаруашылығын өркендетудегі негізгі міндет бұдан былай да колхоздар мен совхоздардың қоғамдық малының санын көбейту, сонымен бірге оның өнімділігін мықтап арттыру болып қара берелі деп үйретеді. Бұл міндетті ойдағыдай орындау үшін ең алдымен, барлық колхоздар мен совхоздарда мал азығының берік қорын жасау, малды жақсы қоралармен қамтамасыз ету, мал шаруашылығында жұмысты кеңінен механикаландыру қажет. Мал қыстатуды ұйымшылдықпен өткізу, мал басын түгел сақтау — қоғамдық мал шаруашылығын онан сайын өркендету жолындағы маңызды қадам.

(«Правда»-ның 1953 жылғы 3 февральдағы баспақаласы).

Кубаньның 29 ауданының барлық колхоздары — миллионерлер

КРАСНОДАР, 4 февраль, (СОТА). Кубаньның колхоздарында есей беру жыйналыстары өтуде. Олар шаруашылықтардың едәуір өскендігін, олардың жоғары товарлығын көрсетеді.

Өткен жылдары миллиондық табыс тек жеке колхоздарда ғана бар еді. Кәзір өлкенің 29 ауданындағы барлық ауылшаруашылық артельдері — миллионерлер.

Ең жоғары табыс — 15 миллион сом Брасвоармейск ауданының Мичурин атын-

дағы ауылшаруашылық артельінде. Бұл көп салалы шаруашылық дөңді дақылдармен бірге күріш, күнбағыс, техникалық егістер өсіреді. Мұнда үлкен бакша, жүзім бағы, суарылатын өгөрод, жоғары өнімді мал шаруашылығы бар.

Колхоз үлкен құрылыс жұмыстарын жүргізуде. Тек өткен жылы ғана онда алты километрлік су проводы, он стандартты мал қоралары және басқа құрылыстар салды.

мастері Матрена Артемьевна Диденко жолдасты ұсынамын.

Диденко жолдас 8 жылдан бері біздің заводта аялбай еңбек етіп келеді. Ол қажырлы еңбегі үшін ССРО дайындау Министрлігінің екі рет «Хұрмет грамотасын»

дөңкі және А. А. Машинин кандидатураларын бірауыздан қолдады.

Жыйналысқа қатысушылар Диденко және Калинин жолдастардан № 37, № 129 сайлау округтері бойынша дауысқа түсуге ризалықтарын сұрады.

ТРАКТОРЛАР МЕН АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ МАШИНАЛАРЫ ТЫҢҒЫЛЫҚТЫ ЖӨНДЕЛСІН

Партияның XIX съезі ССРО-ны өркендетудің бесінші бесжылдық жоспары жөніндегі директиваларында агрономиялық мәдениетті батыл-енгізу негізінде социалистік ауыл шаруашылығын бұрынғыдан да гөрі жетілген және өнімді ету, барлық дөңді дақылдардың шығымдылығын арттыру, сөйтіп, елімізде астықты жылмажыл мол дайындау міндетін алға қойды.

Ауыл шаруашылығын өркендетудегі мұндай күрделі міндетті ойдағыдай орындауда машина-трактор станциялары көп жұмыстар істей алады. Олар тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарының еңбек өнімділігін барынша арттырып, ауылшаруашылық жұмыстарын әрдайым мерзімінде және сапалы атқарып отыруға тиіс. Ал, машиналардың өнімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін оларды алдында жөндеп, дала жұмыстарына тынғылықты әзірлеу қажет. Мұны істемейінше ауылшаруашылық жұмыстарын табысты жүргізуге, әсіресе, көктемгі егісті агротехникалық қолайлы мерзімде өткізуге, дөңді дақылдар өнімін арттыруға мүлде болмайды.

Демек, барлық тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын сапалы жөндеп, көктемгі дала жұмыстарына әзір ету — МТС-тер мен ауылшаруашылық орындарының алдында тұрған ең басты міндет. Сондықтан бұл міндетті мінсіз жүзеге асыруға қолда бар күш-мүмкіншілікті түгел жұмылдырып, жөндеу жұмысының күндіз, бескүндік графигін ұдайы орындап отыру керек.

Облыстың кейбір алдыңғы қатарлы

МТС-тері жергілікті Советтердің сайлауы құрметіндегі социалистік жарысты кеңінен өрістетуге нәтижесінде жөндеу жұмысын әрі тез, әрі сапалы жүргізуге жетісіп келеді. Мәселен, Шағлы МТС-нің механикаторлары жөндеу ісінде прогрестік әдіс — тораптық әдісті кеңінен қолданып, тракторлар мен тіркеу саймандарын дала жұмыстарына тынғылықты әзірлеуде. Жөндеу жұмысын тораптық әдіс бойынша жүргізіп, механизаторлар еңбек өнімділігін үздіксіз арттыруға, күндік норманы мінсіз орындауға жетісіп жүр. Соның нәтижесінде жөндеу жұмысы бүкіл МТС бойынша қарқынды жүргізіліп келеді. Мұнда 1 февральға дейін трактор жөндеу жоспары 68,4 процент орындалды. Осы уақыт ішінде 39 трактор жөндеуден өтті. Сол сияқты, бұл МТС-те тіркеу саймандары да тынғылықты жөндеуден өтуде.

Мұнымен қатар, жөндеу жұмыстары тораптық әдісті қолданған Ленин атындағы, Чапаев атындағы, Приешім, Торангүл МТС-терінде де табысты жүргізіліп келеді.

Бірақ, істің жайы облыстың барлық МТС-терінде бірдей бұл дәрежеде емес. МТС-тердің көпшілігінде дерлік жөндеу жұмысының сапасы нашар, қарқыны баяу. Оларда әсіресе, жөндеу жұмысында тораптық әдістің қолданылуы мүлде қанағаттанғысыз. Сондықтан станоктар мен жөндеу құрал-жабдықтары жұмысқа өнімсіз пайдаланылады. Ал, мұның өзі мастер-скайларда еңбек өнімділігінің кемуіне, жөндеу жұмысының күндік және бескүндік графигінің нашар орындалуына өкөп

жетіп келе өсірушілері сайлау алд ұштасып, күтімге ал

соғып оты облыста 1 деудің жы да орында маңдарыны әзірлеудің

Трактор жұмыстары Суворов атындағы, Баял мөте наша тракторлар өткен жоқ мен шығыс ісі мүлде МТС-терде маңызды ған. Мәсе, біріне дей бірде бір жөндеуден

Істің ж са да, ол скойда ең қойып, тү тез және ларын қо еңбек өні жөндеу а пасы нап маңдарын гі ұдайы

Әрбір т ғылықты тар МТС- сапасы о атындағы вет МТС- пасыз же никтері ының а қолма-к Міне, сол машина

МЫСЫ

алдында шыншыл адал болу керек

иестік партияларға қолдануға және өздерінің ішкі және қаржысының ұлы сарқу жұмысқа коммунистік бірлік болу. Партияда шыншылдықты және адалдықты жаңа міндеттерде шыншылдықты өте ауыр партия қата-

Трактор жөндеу жұмысы жөнінде жалған мәлімет беру облыстың кейбір басқару МТС-нен кездеседі. Петропавл және Асанов МТС-терінің басшылары да жөндемеген үш тракторды бескүндік есепке қосып жазды. Бұл МТС-тердің де партия ұйымдары көз бояушылыққа салынушыларды кезінде өшкерілеп, оларға партиялық тиісті жазалар қолданбады.

Партия өзінің барлық мүшелерінен басшы кадрлардан шыншылдықты және адалдықты, өзінің партиялық және мемлекеттік борышын мұлтіксіз орындауды талап етеді. Партия айлакерлік істеуге, партия мен мемлекетті алдауға тырысатын адамдарға сене алмайды.

Жоғарғы партия, совет ұйымдарына дұрыс хабар бермей, алдау, айлакерлік жасаудың тағы бір түрі бар. Бәрімізге мәлім КБП Орталық Комитетінің екінші пленумы өзінің қаулысында МТС және совхоз директорларын колхоздар мен совхоздарда мал азығын уақтау, булау және тұрау арқылы қайра жұмыстан беруге міндеттеді. Алайда, бірқатар МТС-тердің директорлары, әсіресе, Шағлы, Николаевка, Майбалық, Асанов, Құйбышев атындағы МТС-тердің директорлары Филиппов, Гушин, Вальд, Ляшевич, Потякин жолдастар бұл нұсқауды орындау жөнінде ешбір шаруа қолданбады. Өздерін кінәдән ақтау үшін олардың кейбірі (Ляшевич жолдас) колхоз председателдерінен «МТС-тің көмегінен бас тартамыз» деген қолқат алу жолымен мемлекет алдында айлакерлік істеді.

Жұмыста ымырашылдық болмауы керек. Партия мен мемлекет мақсатына қарсы әрекеттің барлығымен қарсы күресу керек.

мемлекеттік және оны бәрімізге қолдануға және өздерінің ішкі және қаржысының ұлы сарқу жұмысқа коммунистік бірлік болу. Партияда шыншылдықты және адалдықты жаңа міндеттерде шыншылдықты өте ауыр партия қата-

партияның қаржысының ұлы сарқу жұмысқа коммунистік бірлік болу. Партияда шыншылдықты және адалдықты жаңа міндеттерде шыншылдықты өте ауыр партия қата-



СУРЕТТЕ: Петропавлдағы № 44 темір-жол мектебінің VII класының оқу отличниктері Валя Григоренко мен Аля Баранова.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

Мәдениет үйіндегі сайлаушылар кеші

Партия, совет ұйымдарының басшылығымен Приешім аудандық мәдениет үйі еңбекшілер депутаттарының жергілікті Советтерінің сайлауына арналған сайлаушылар кешін өткізді. Өткен бір кешесте кештің жоспары жасалып, әр адамға тиісті тапсырмалар берілді.

Мәдениет үйінің залында фотосуреттер, бесінші бесжылдықтың диаграммалары, ауылшаруашылығы жөніндегі жетістіктерімізді көрсететін көрмелер бар. Аудандық

Кореядағы оқыйғалар

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 4 февраль. (СОТА). Корея Халық - Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиясі бүгін Халық армиясының құрамалары қытай халық еріктілерінің бөлімдерімен бірлесе қыймыл жасай отырып, американағылшын интервенттеріне және лисындағы әскерлерге қарсы барлық майдандарда жергілікті маңызы бар ұрыстар жүргізді деп хабарлады.

Бүгін американа әуе қарақшылары Оңтүстік Хамген провинциясының бейбіт елді пункттеріне тағы да шабуыл жасады, сөйтіп, оларды аюандықпен бомбалады және әулететкен атқылады. Көп тұрғын адамдар өлген және жараланған, көп тұрғын үйлер қыйраған.

Халық армиясының зенит бөлімдері жаудың 4 самолетін атып түсірді және 3 самолетін зияндады.

Американ интервенттері корей қалалары мен селоларын бомбалауды күшейтуде

ПХЕНЬЯН, 4 февраль. (СОТА). Американа авиациясы бейбіт корей қалаларын, селолары мен балық аулайтын поселкелерін аюандықпен бомбалауды және атқылауды одан әрі жүргізуде. Вонсан және оның төңірегі быйылғы жылы он реттен артық аюандық шабуылға ұшырады. Қаланы күн сайын американа соғыс кемелері атқылан тұрды.

20 январьда, деп хабарлайды Кореяның Орталық телеграф агенттігі, 16 американа бомбардировщиктері бір сағат бойына қыйрап бүлінген Вонсанды бомбалады және оқ астына алды. Күндізгі сағат үште 20 американа штурмовиктері қалаға

және оның төңірегіне 100-ден артық бомба тастады, халық паналаған жер үйлерді атқылады. Шабуылдың салдарынан 17 бала, көп әйелдер мен қарттар өлген. Сол күні әуе шабуылдарының арасында американа кемелері қаланы ауыр зенбіректерден атқылады.

Келесі күні американа самолеттері Вонсанды тағы да бомбалады, мұнымен бірге, қала кемелерден де атқыланды. Жүздеп артық шаруалардың үйі және көп жер үйлер қыйраған, 23 январь күні таң алдында Вонсан және оның төңірегіндегі селолар американа самолеттерінен жанадан бомбаланып, атқыланды.

Американ басқыншыларының езушілігі астында

Оңтүстік Корея экономикасының құлдырауы

ПХЕНЬЯН, 4 февраль. (СОТА). Американа интервенттері және Ли Сын Ман тобы жүргізіп отырған соғысты одан әрі созу саясаты, Оңтүстік Корея экономикасының мүддем құлауына әкеліп соқты.

Лисыманшыл «үкіметтің» соғыс мақсатына барған сайын жана қаржы шығын

түстік Кореяда, деп көрсетеді газет, айналдымда 720 миллиард оңтүстік - корейлік вон, яғни лисыманшыл топ соғыс тұтатқан кездегіден он үш рет артық болды. Бірақ, бұдан екі ай кейін-ақ, 1952 жылдың октябрінде айналдымда 843.100

„САДКО“

«Мосфильм» кино-студиясы жасап шығарған көркемсуретті түсті «Садко» фильмінің бас кейіпкері Садко халық үшін бақыт құсын іздеп оралған сапарында жыйналған халыққа былай дейді: «Жер бетін түгел аралап шықтым, теңіз түбінде де болып қайттым, бірақ туған жерден көркем ешнәрсе жоқ екен!» Алып батырдың бұл сөзді айтқан кейіпінде «бақыт құсы өздерінің орталарында. Ол—өз халқының ортасында болып, халыққа қызмет ету» деген пікір айтпай аңғарылғандай.

Ұлы орыс халқының батырлық хикаясы негізінде жасалған бұл кино-картинаны облыс еңбекшілері кумарта көруде. Фильмнің сценарийін жазған К. Исаев, режиссері А. Птушко, бас операторы Ф. Проворов.

Өз халқы мен Отанын шексіз сүйген шынышыл, қажырлы, алып күш иесі орыс батырларының эпикалық образын экранда көрсетуді мақсат еткен бұл фильмінің жарыққа шығуы Совет кино-искусство қайраткерлерінің игілікті табысы, ал, фильмнің патриоттыққа үндейтін терең идеясы сол—ол орыс халқының өткен өмірімен совет жұртшылығын таныстыруға арналған. Фильмнің қысқаша мазмұны мынадай:

Гусляр Садко көп уақыт ел аралағаннан кейін туған қаласы Новгородка оралады. Елін шын сүйетін ол қала халқының жүдеу тұрмысын көріп, қатты қамығады, оларды шаттық тұрмысқа жеткізудің жолын іздейді. Осы мақсатпен ол халыққа бақыт құсын табу керектігін, ол үшін үлкен кемелер жабдықтаудың қажеттілігін айтады. Бұл ойын іске асыру үшін қала саудагерлерімен купецтерінен материалдық көмек сұрайды. Бірақ олар Садконы сықак етіп, қуып жібереді.

Өзіне ғашық болған су патшасының қызы Ильмен-ханшаның көмегімен Садко ке-

ме жабдықтауға мүмкіншілік алады. Халқы үшін қиындықтан қайтпайтын жолдастар жыйнап алған ол, бақыт құсын іздеп алыс сапарға шығады. Талай теңізді шарлап, талай жерлерді басып өтеді. Қісі өлтіруді олжа санайтын жебірлерге де жолығады, тулаған теңіздің асау толқынына да ұрынады. Аязды-қыстың ызғарын да, жылды жаздың аптаған ыстығын да бастарынан кешіреді. Бірақ, бұлардың бәрін жеңіп өткен олар, акыры Индия мағараджасының (патшасының) ордасынан бақыт құсы дегенді табады. Ол бақыт құсының тек алдауыш қыял екеніне көзі жеткен Садко «бақыт тек туған жерде, өз халқының ортасында екен ғой» деген қортындыға келеді.

Садконың алып күші мен әсем әніне құмартқан теңіз патшасы еліне оралуға бет бұрған Садко мен оның жолдастарының қамелерін апатқа ұшыратарлық дауыл жібереді. Жолдастарын аман сақтау мақсатымен Садко теңіз патшасына өз еркімен барып, тұтқын болады. Алып батыр, зор әншіні өз қолында ұстау үшін теңіз патшасы оған сарайындағы қыздарының біріне үйленуге бұйырады. Бірақ Отаны мен халқын шексіз сүйген Садко Новгородка, өз халқының ортасына қайтуды, сүйгені Любоваға оралуды есінен еш шығармайды. Адал Садконың бұл мінезін түсінген Ильмен-ханша оның аман сау тілегіне жетуге көмектеседі.

Фильмді жасаушылар коллективі қыял дүниесінің көріністері мен шындық өмірді көрсетуде елеулі табысқа жеткен. Мұнда көрсетілетін табиғат—шындық, ал оның көркем көрінісі ерекше көз тартады. Қамығып барып Ильмен көлінің жиегінде отырған Садкоға Ильмен-ханшаның жолығу көрінісі айтарлықтай көркем берілген.

Бұл кездегі табиғаттың тамаша суреті, Садконың әсем даусы, көл түбінен көтерілген Ильмен-ханшаның көрінуі—міне, мұның бәрі, шындық өмір мен ертегі қыял дүниесі көріністерінің шеберлікпен берілгендігін көрсетеді.

Совет жұртшылығына көптен таныс артист Столяровтың орындауындағы Садко алғыр ойлы, алып күшті, өз елін шын сүйетін орыс батырының бейнесін көрсетеді. Орыс адамына тән жайдары жүз, жарқын мінез, қиыншылыққа төзімділік, батылдылық бұл бейнеде айқын көрінеді. Халқы үшін қасық қанын қыюдан тайынбайтын Садко өз мүддесін халық мүддесімен ұштастырады, өйткені ол тек халық бақытты бола алғанда ғана өзі және сүйгені Любоваға шын бақытқа жетеді деп түсінеді. Сондықтанда ол өз өмірін халық қамына жұмсауды алдына саналы түрде мақсат етіп қойған.

Сол сияқты, артист Тряновскийдің орындауындағы Трифон шалдың образы да ойдағыдай шыққан. Қиын кезеңде жол табатын ақылды, шешен, өнерлі шал көрушілерге бейне-бір халық даналылығының өкілідей көрінеді. Ол керек жерде күлдіргі, сыққақшыл, көңілді, кезеңді жерде қиыншылықтан жол табатын ақылғой.

Артистка Вертинская Финикс-құстың ролін орындау арқылы ертегілік образдардың экранда көрсету мәселесін өте дұрыс шешкен. Сөз жоқ, фильм оқылғасындағы кездесетін ертегі-қыял нақ осындай дәрежеде көрсетілсе, фильмнің құны бұдан да әлде қайда артқан болар еді.

Айта кету керек, фильмде елеулі кемшіліктер де жоқ емес. Еңалдымен, сол дәуірде мәдениет және сауда жөнінен халықаралық маңызға ие болған Ұлы Новгород өмірі дұрыс көрсетілмеген. Фильмнің көрсетуінде Новгород орыстың мәдениет және сауда орталығы емес, тек бір кіші-гірім қалашық дәрежесінде қалған.

Сценарийдегі кемшіліктеріне қарамастан шебер артистің орындауымен ойдағыдай

шыққан Садконың образынан басқа фильмді көрушілердің есінде сақталарлық бірде бір күрделі бейне жоқ. Мысалға, Садконың сүйген қызы Любованы алайық. Хикаяда бұл образ орыс әйелдеріне тән жарқын мінез, қиымды қайратпен берілген. Ол Садконың сапарға шығуына тілектестік білдірумен ғана қанағаттанбайды, тікелей көмек көрсетеді, ал сүйгені алыс сапарда хабарсыз жүргенде оны фильмдегідей сарғая сағынып отыра бермейді, қайғыға бой ұрып қажымайды. Зор сеніммен қайраттана күтеді. Фильм сценарийдегі бұл кемшілік артистка Лоринаова ойнаған Любова образының күнгірт шығуына басты себепші.

Астанговтың орындауындағы Мағарадж бейнесі де нанымды шықпаған. Артистің киімдері мен бояулары да, сөзі мен қиымды да өмірдегі шындыққа жанаспайды. Ал, теңіз патшасының ордасы көрушілерді күлдіру мақсатынан аса алмай қалған.

Композитор Шебалиннің «Садко» фильміне атакты композитор Римский-Корсаков жазған музыканы пайдалануы өте орынды болған. Бірақ ол бұл тамаша музыканы пайдалануда көптеген кемшіліктер жіберген. Еңалдымен, мұнда тек жалғыз Садко ғана өлең айтады. Операдағы көптеген тамаша ариялар мен бай музыкалар пайдаланылмаған. Көп жерлерде музыка тіпті оқылға желісімен қабыспай жатады. Нәтижеде, атакты композитордың музыкасы орта дәрежеде жазылған сценарийдің көмекшісі дәрежесінен аса алмай қалған.

Фильмді жасаушылар коллективінің орыстың халықтық эпосын экранда көрсетуге талаптануы, сөз жоқ, бағалы бастама. «Садко» көркемсуретті түсті фильмі орыстың эпостық батырларын бірінші рет экранда көрсеткен фильм. Көркемдік жағынан көптеген кемшіліктері болғанмен, өз Отанын шексіз сүйуге, халық үшін еңбек етуге үндейтін бұл фильмді совет жұртшылығы қызыға көреді.

Т. КӘКІМОВ.

НЬЮ-Йорк
Тел Пресс агент
берген хабарын
президенті Пас
метке қарсы а
дығын мәлімде
өкілдерімен ба

НЬЮ-Йорк,
шпайтед пресс
нен берген хаб
үкметі Одрна ү
сатын көздеген
деген сылтаумен
жүргізіледігі үт

ДЕЛИ. (СОТ
хабарына қара
Пенджаб шта
кәсіпорындарын
мың жұмысш
қалған. Газет
карточкамен бер

ПАРИЖ, 4 ф
виль радиосыны
тасқыныңыз сал

«УДАРНИК»

Бүгін

«ҚАСҚЫРЛ

Сеанстар сағат

Касса сағат 3-

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — партия және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39, Газет баспасы — 5-53, газет табыс